The purpose of the journal is to disseminate scientific information and attract new authors. The journal initiates discussions on the outcome of new advances in the humanities.

The tasks of the journal:

Accept original high quality scientific articles that have not been previously published or submitted for publication in another journal.

Rely on the requirements of the legislation of the Republic of Kazakhstan in relation to copyright and generally accepted in world practice provisions on publication ethics.

Focus on the coverage of publications in the following specialties: humanitarian sciences

1. Literary studies
2. Art studies

With respect and hope for cooperation, Editor-in-chief of "Keruen", Doctor of Philology, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of the M.O. Auezov Institute of Literature and Art MATYZHANOV Kenzhekhan Slyamzhanovich.

Сейітжанов З.Н.¹, Мекебаева Л.А.², Нуртазина А.О.³

^{1,2} *Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,*

³ *Алматы Менеджмент университеті, Алматы, Қазақстан*

E-mail: ¹Asegizbayeva_84@mail.ru, ²mekebaevaleyyla@gmail.com, ³nurtazina669@gmail.com

ORCID: ¹0000-0002-9834-5503, ²0000-0001-5543-9676, ³0000-0002-2273-2531

ҚАЗІРГІ АЙТЫСТЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ИДЕЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының фольклорлық мұрасының жанрларының бірі – ақындар айтысы туралы айтылады. Басты назарға тәуелсіздік алғаннан кейінгі ақындардың айтысы алынған. Мысалы, Д. Кәпұлы, А. Әлтаев, С. Құсанбаев, Қ. Мақсұтов бұрынғы айтыстармен салыстырыла қарастырылады және зерттеу еңбектеріне шолу жасалады. Ерекшеліктері, айырмашылығы мен ұқсастықтары жан-жақты талданады.

Қазіргі айтыстар қоғамдық, тәуелсіздік, әлеуметтік, экономикалық, тіл, саяси, жер мәселелерінің батыл көрсетуімен ерекшеленеді. Айтыс күні бүгін даму үстінде келе жатқан жанр. Өйткені ол көпшіліктің көз алдында өтеді. Бір адам ақын ретінде, әнші ретінде, композитор ретінде де көрінеді. Ақынның өзін-өзі ұстауын, ақындығын, мимикасын халық көріп отырады. Сондықтан көпшілік ұйып тыңдайды және нағыз шындықты айтқан ақындар көпшіліктен қолдау табады. Тіпті кейбіреулері айтысты тыңдап отырып жаттап та алуы мүмкін. Демек айтыс – халықтың руханияты ретінде даму үстіндегі жанр. Бұрынғы айтыс өнерінде ақпарат құралдарының міндетін атқарған. Қоғамдық идеологияның қалыптасуына айтарлықтай әсер еткен және қазақ халқының өмірінен, тариханан бөліп қарауға болмайды. Айтыс арқылы халықтың өткендегі тарихынан бүгінгі өмірді пайымдауға болады. Тәуелсіз кезеңдегі айтыстарда экология мәселесі, тозған жер, тартылған су, ластанған ауа тақырыптары жиі көтеріліп отырды. Дін мәселесі де көтеріліп, халықты жамандықтан сақтануға үндеген. Бұл проблема көп ақындардың айтысынан орын алған. Ақындар айтыс үстінде қандай ауыр сөздер айтылса да оларға ерік берілген, кешіріммен қаралған. Сол ерекшелік бүгінгі күндері де аңғарылып отырады. Айтыс қоғамның табысын да, кемшілігін де көрсететін синкретті жанр. Демек, біздің атадан балаға мұра болып келе жатқан өнер. Ол қазақ халқының мәдени өміріндегі мән-маңызы жоғары жанр болып есептеледі. Дәлел-дәйекпен ел намысын көтеретін өміршең жанр.

Кілт сөздер: ақын, айтыс өнері, синкретті жанр, айтыскер, қазақ халқы, импровизация, әлеуметтік өмір, халық тағдыры.

Кіріспе. Халқымыздың тарихи-тұрмыстық, мәдени-рухани өміріне сәйкес туып қалыптасқан ерекше жанрдың бірі – айтыс. Оның ая-ауқымы кең, көтерер жүгі ауыр. Жазба әдебиеті қалыптаса қоймаған, көбіне көшпелі өмір-тіршілікті негіз еткен елде айтыстың эстетикалық-ақпараттық әсері аз болмаған. Айтыс арқылы көптің көңілін серпілтіп-сергітсе, екінші жағынан, әлеумет өмірінің сан түрлі сауалдарына жауап беріп ақиқатты айту да парыз саналған. «Айтыс – қазақ ауыз әдебиетінде саны жағынан, сапасы жағынан ерекше орын алады. Ақындар айтысында «жаттама өлеңдер аз болады» (Мұқанов, 1965: 54). Осындай өмір қалыбы импровизацияға бейімделген. Сондай-ақ көпшілік сөздің киесі бар деп ұғып, оны қадір тұтқан.

Қазақ даласында сахараның сандуғаштарындай сайрап, елдік рухты көтерген, көптің көкейіндегісін айта білген небір «От ауыз орақ тілді» ақберген ақындар

аз болмаған. Солардан қалған мол мұра тозбас асыл құндылық ретінде бізге жетті. Ежелден қалыптасқан импровизация дәстүрі бүгінгі мәдениетімізді байытып, көптің рухани қажеттілігін өтеп келеді. Театрлық белгі-сипатымен, нірлі де әрлі әуен-сазбен көмкерілетін айтысты халық жылы қабылдап, қызыға тамашалайды. Өйткені айтыс халықтың қанына сіңген өнер болғандықтан рахат сезімге бөленіп көңілдерін көтереді. Екіншіден, айтыс – өмір айнасы. Сүйегінен өткізіп, жетесіне жеткізе айтылатын шындықты халық ұнатқан. Ақын жеке адамның не әлеуметтік саладағы келеңсіздікті, көп көңіліндегі ойды батыл көтере білуімен де ерекшеленеді. Аса ділгір мәселелерді көптің көз алдына шығару айтысқа тән қасиет. Ақын өзінің тақырыбына сай ой желісін сақтай отырып, айтыстың басталуынан аяқталуына дейінгі біртұтас композициялық өрілімді сақтай жырлайды. Басқаша айтқанда, ақындардың қысылып-қымтырылмай еркін айтуларына мүмкіндік берілген.

Тәуелсіздік алғаннан кейін сахнаға талантты айтыскерлер шыға бастады. Айтыстың көшін бастап, бағытын белгіліп жүрген ақындар Д. Кәпұлы, А. Әлтаев, С. Құсанбаев, Қ. Мақсұтов, А. Бұлғақов, Ш. Айдаров, Қ. Мырзабековтер талант қуатымен, даралығымен келіп, қалың көптің көңілінен шығып, рухани нәр сыйлады. Ақындық таланттары арқылы қазақ айтысына үлкен серпіліс, жаңа өрлеу кезеңін ала келді. Тақырып, идея тұтастығы жүйесінде автордың көркемдік шеберлігі, тілі, өзіндік мәнерлігі айқындалады.

Материалдар мен әдістері. Зерттеудің теориялық негізі ретінде ғалымдардың ғылыми-теориялық еңбектеріне сүйене отырып сараптама жасалды. Жолдасбеков М. «Қазаққа Алланың берген сыйы еді» (2009), Құсанбеков С. «Жырлаумен өткен 20 жыл: Эссе-баян, айтыстар» (2011), Әлтаев А. «Наркескен: айтыстар» (2014), М.О. Әуезов «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі (тарихи-әдеби сын)» (1998), «Қазақ өнерінің антологиясы» – 25 томдық (2014), «Қазіргі айтыс» Құрастырушы: Несіпбек Айтұлы (2006), Әуезов М. «Қазақтың халық өлеңдері» (1965), Бердібаев Р. «Сарқылмас қазына» (1983), М. Жармұхамедұлы «Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы» (2001) еңбектері, мақалалары мен ғылыми пайымдаулары негізге алынды. Сонымен қатар, айтыстың тәуелсіздіктен кейінгі даму, қалыптасу кезеңдері қарастырылып, айтыс өнерінің өміршендік мұраттары жан-жақты сарапталды.

Зерттеу материалы ретінде Д. Кәпұлы, А.Әлтаев, С. Құсанбаев, Қ. Мақсұтовтың айтыстары алынған. Тақырыпты зерттеуде құрылымдық талдау, даралау әдістері қолданылады.

Зерттеу нәтижесі. Мақалада зерттеу нәтижелері мен дәлелді тұжырымдардың, қорытынды пікірлердің практикалық мәні үлкен. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі ақындар айтысының даму кезеңдері, тақырыбы мен идеясының ерекшеліктері, өміршендік мұраттары жан-жақты сарапталады. Д. Кәпұлы, А. Әлтаев, С. Құсанбаев, Қ. Мақсұтов шығармалары бұрынғы айтыстармен салыстырыла қарастырылады, сюжеттік өзгерістеріне талдау жасалады.

Ғылыми нәтижелерді әдебиеттанушылар, жоғары оқу орындары филология факультеттерінде қазақ әдебиеті жанрларын өту барысында, арнаулы курстар мен семинарларда, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін тереңдетіп оқытатын білім беру мекемелерінде пайдалануға болады.

Талқылануы. Айтыс – халық әдебиетінің күрделі де қызық жанры. Өйткені дүйім көптің алдында шектеулі уақыт көлемінде поэзияға тән ерекшеліктерді (ұйқас, ырғақ, көркемдік т.б.) сақтай отырып, сөз асылын бірден төгіп айту туа біткен таланттың ғана қолынан келеді. Көптің көзі қалт жібермей қадағалап отыратындықтан, айтыс ақынға үлкен жауапкершілік жүктейді. Табанда сөз тауып айта білер тапқырлық пен алғырлық, шамырқанған шабытты танытарлық өткір тіл, батылдық пен шыншылдық, білім-біліктілік – бәрі ақын бойынан табылғанда ғана сөзден тосылмауы мүмкін. Ақын халықтың, елдің, тұрмыс-тіршіліктің артық-кемін кеңінен қамтып, шындықты басты өлшемге айналдырғанда ғана сыннан сүрінбей өтеді. Айтыста неғұрлым заман сыры ашылып, көкейкесті мәселелер айтылса, соғұрлым оның әлеуметтік мәні арта түседі. Бұл – жанрдың басты ерекшелігі.

Қандай даңқты ақын болса да бірден ірі айтысқа түспей, алдымен дарындағдысын ұштап айтыстың қатал сынынан өтетіні белгілі. Нағыз импровизатор, ойы ұшқыр өнер иесі екенін көрсете білуі керек. Айтыстағы ақынның өнерін М. Әуезов: «Жарысқа түсуші ақындар тапқырлықпен, өнерпаздықпен кезек шабуыл қақтығысулары арқылы тыңдаушыларын әр алуан дәрежеде қызықтырып, еліктіріп, неше түрлі құбылыс күйлерге салып отырады... Анығында, ақындар айтысының негізінде өзгеше жанрлық бітім мазмұнында, қолдану дәуірінде қазақтың халықтық театрлық өнерінің мол белгілері бар» – деп бағалаған (Әуезов, 1998: 10). Осындай талаптан өткен ақындар ғана үлкен айтыстарға қатысуға құқылы болған. Айтыста әлеуметтік мәнді мәселелер көтеріліп, елдікке нұқсан келтіретін кемшіліктер сынға алынып отырады. Сондықтан айтысты мәлім дәрежеде ел өмірінің шежіресі десек те артық болмайды. Ел даңқын асқақтата сөйлеу де ақындық парыз. Осы арқылы айтыстың танымдық-тәрбиелік сипаты арта түспек. Жел сөзді көпірте жеңіл айту не тұспал-долбармен сөйлеу көпті иландыра бермейді. Сондықтан ақын көпке ой салатын пәтуәлі сөз айту керек.

Айтыстың қандай тақырыпта өрбитінін ақындардың өздері де білмейді. Сол себепті бәсекелес ақын қарсыласының сөзіне қолма-қол жауап бере алатын көргені мен түйгені мол, ішкі дайындығы мықты болуын талап етеді. Өлеңді кідіріссіз төгіп айтып, қарсыласының сауалдарына лайықты жауап қайтара білу үшін ақынға суырып салып айту аздық етеді. Бұған қоса ой тереңдігі мен тәжірибе болуы керек. Қоғамдық өмірдің сан түрлі қыры мен сыры, елдің өткені мен бүгінінен, белгілі адамдар өмірінен хабары болмаған ақын жеңіске жете алмайды. Көрермен көп үшін жеңіл айтылған жел, бос қызыл сөздің керегі жоқ. Өріптесінің тосын айтқан сөзіне тосылмай, дәлелді де дәйекті ой айта білген ақынның мерейі үстем болмақ.

Айтыс синкретті өнер болғандықтан, сөз сайысына түскен ақынның бірнеше қыры (ақын, музыкант, әнші, артист) көрінеді. Табанда төгіп айтқан ақын өлеңді бір музыкалық аспаппен (домбыра, қобыз, сырнай) сүйемелдеуі қажет. Сөз бен саз бірінбірі толықтырып үйлесім тапқанда ғана айтыстың тартымдылығы арта түседі. Айтыс өнерінің сыры мен қырын жан-жақты талдаған ғалым М. Жолдасбеков: «Қазіргі айтыскерлердің көпшілігіне тән кемшілік – өзінің жеке мақамының болмауы. Айтыс ақыны ешкімге еліктірмеуі керек. Еліктегені – өлгені. Мақам мәселесіне әр ақынның паспорты деп қарағанымыз жөн» – деп мәнді ой түйеді (Жолдасбеков, 2009: 12).

Сол себепті айтыс ақындарының өздеріне тән әуез-саз болуы орынды. Ұзақ айтыста өзін шаршатпай, дауысты қарлықтырмайтын, құлаққа жағымды естілетін әуенмен айтыстың әсерлігі артады, көпшіліктің ықыласын да өзіне аударуға мүмкіндік береді. Сондықтан әр ақынның басқаларды қайталамайтын дауыс мәнері болған жөн.

Қылыштың жүзіндегі өткір ой айтып, қаумалаған жұрт назарын тарта білу оңай емес. Айтысқан екі ақынның сөзбен шарпысуына ұтқыр жауап таба білуі және ол жауап көп көңілінен шығатын шынайы әрі көркемдік қуаты биік болғанда айтысты тыңдауға жұрттың ықыласы арта түседі, көпшілікті баурап отырады. Айтыста жалқы арқылы жалпының басындағы шындық айтылатын болғандықтан, шыншылдық пен сыншылдық сабақтасып жүйелі ой айтылғанда айтыс нәрлене де, әрлене түседі. Айтыс зерттеушісі Р. Бердібаев: «Айтысқа түсер ақын шүу дегеннен бастырмалатып, өзінің қарсысындағы әріптестің апшысын қуыра, сескендіре сөйлейді. Екпіндеп, ес жиюға, дәлелді сөз табуға шамасын келтірмей тұқырта айбат шеге сөйлеп, жеңіп кетуді мақсат етеді. Бұл – айтыс өнерінің ерекше әдісі десе де болғандай» – дейді (Бердібаев, 1983: 84). Сондықтан ақындарға қырағылық пен тапқырлық, парасатты ой, көл-көсір білім керек. Ақын терең мазмұнды сөз айтып, айшықты бояу, кестелі сөзді көп қолданып отырса айтыстың ажары ашыла түспек.

Ақынның сөзіне, айту мәнеріне қарай баға берілетіндіктен, оның айтқандары ақылды, пайдалы, бағалы-байламды сөз болғаны жөн. Әріптесінің сауалына, сынына ұтымды жауап қайтаруы тиіс. Тапқырлықпен тауып айтылмаған ойсыз сөз өкінішке ұрындыруы мүмкін. Әйтеуір айтысқанның жөні осы екен деп төпей беру не жалтарып кету ақынға абырой әпермесі анық. Соңғы кездері теледидардан беріліп жүрген «Аламан» айтыста ерсі қалжың, кекете сөйлеу шаң беріп қалады. Әрине, сыпайы, орынды әзіл-қалжың болса тыңдаушылардың, көрермен көптің көңілін жадыратып серпілтер еді. Анайы айтылған әзіл-оспақ не намысына тию ақынның дәрежелігін көрсетеді. Өйткені «айтылған сөз – атылған оқ».

Қарсыласына ілтипат білдіре әдептен аспай отырып-ақ сын айтуға болады. Теледидарда өткізіліп жүрген айтыста кейбір ақындардың сөздерінен жадағайлық, қарабайырлық байқалып қалады. Кейде қарсыласының сауалына тиімді жауап қайтарудың орнына орағыта сөйлеуге бой алдырады. Мұндай қауқары жоқ жылтыр сөз ақынның дәрежелігін танытады, көпшіліктен де қолдау таппайды. Айтыс сауық-сайран үшін ғана болмаған. Оның тамашалық та, танымдық та мәні зор. Сондықтан айтыс өнеріне талғампаздықпен қарап, ел өмірін саралай білетін жүйрік көңіл, сезімтал жүрек керек. Сонда ғана ақпа-төкпе ақындар айтысының кенеуі кетпейді. Қанға сіңген қасиетті өнерге жеңіл қарамай, рухани байлық екенін естен шығармау керек. Сондықтан республикалық айтысты аса маңызды мерекелерге байланысты өткізіп, оған көп көңілінен шығатын талантты ақындарды іріктеп қатыстырса, айтыс өнерінің деңгейі биіктеп, қоғамдық мәні арта түседі. Айтыста заман шындығы айтылатындықтан, бұл өнерге жеңіл қарауға болмайды. Айтыс – дәлел-дәйекпен ел намысын көтеретін өміршең жанр.

Тәуелсіз ел болғаннан кейінгі айтыстарда қоғамдағы, әлеумет өміріндегі сан салалы ең зәру, көкейкесті мәселелерді көтеріп келеді. Халыққа, елдікке қажетті мәселелерден ақындар сырт қала алмайды. Қазіргі айтыстардың бірыңғай кем-кетігі

ғана теріліп айтылмай, еліміздің қол жеткізген жетістіктері де талданады (Қазақ өнерінің антологиясы, 2014: 21). Өйткені айтысқа шыққан ақын халық атынан сөйлейді, көпке ой салады. Мәселен Д. Кәпұлы бір айтыста:

Шыбын да жаным шырылдай,
Қай жаққа бетгі бұрмақпын?
Асылдарымды атқызып,
Абақтыға жатқызып,
Ұлардай жұртты шулаттың.
Босқанда халық шетелге,
Аузыңнан дәмі кетер ме

Аштықта жеген тулақтың?! (Қазіргі айтыс, 2004: 78) –

дейді. Бұл жолдар халық тарихының қаралы беттерінің шындығы екені даусыз. Ұзақ уақыт басқаға басыбайлы бодан болған еліміздің басынан не өтпеді? Бұл арада ақын халықты торғайдай тоздырған үш үлкен нәубетті меңзеп отыр. Аз сөзге көп мағына сиғызады, ойын ұтымды жеткізеді. Көптің көкейіндегі мәнді-маңызды ойды әсерлі айта білу ақынның кеңінен танылуына да көп әсер етеді. «Айтыста озған ақын халық алдында ақындыққа мандат алады. бұл мандаттың жазылатын қағазы – халықтың жүрегі» (Мұқанов, 1965: 16).

Тәуелсіздіктен кейінгі айтыстардың мазмұн-мәні өзгерген. Ақындар ойын еркін, өткір сөзбен іркілмей айтуға ден қойған. Мәселен, Серік Құсанбаев пен Қуаныш Мақсұтов арасындағы сөз сайысында Серік былай дейді:

Жырларың жорғадайын желсін мейлі,
Дей көрме мұны достың менсінбейді.
Шығыстан сайланған бір депутаттың
Шығысты Россияға берсін дейді.

Не:

Болса екен халқым әркез оң қадамың,
Сол жайды ойлауменен толғанамын.
Ол аздай Абай бабам аруағың

Басында күнде жарды бомбаларын (Құсанбеков, 2001: 161).

Ал Имашев Балғынбек пен Сара Тоқтамысова айтысқанда Балғынбек:

Сенат пен Парламентке қайран қалам,
Тіліме қарсы шығып тайрандаған.
Жалғыздың үні шықпай тілім өлді,

Айтса да Айталыдай қайран ағам – дейді (Қазіргі айтыс, 2004: 122).

Серік ақын айтқандай, біздің жерімізге көз тігушілер аз болмағаны белгілі. Ата-бабаларымыз білек күшімен қорғап қалған атамекенді бөлшектеу – елдікке сын. Мұндай теріс пиғыл іске асуы мүмкін емес, ақын орынды сынға алады, қырағылыққа шақырады. Сонымен бірге Абай туған киелі топырақта ұзақ жыл атом бомбасының жасырын жарылғаны да белгілі. Жарылыстың салдарынан сол өңірдегі халық аз азап тартқан жоқ. Жер мен су, ауа былғанды, кеміс сәбилер дүниеге келді, мүгедек көбейді. Ақын осында апатты ашады. Бұл сөзі халықтан қолдау табады. Павлодар қаласында өткен Әселхан мен Баянғали арасындағы айтыста Әселхан полигон болған

елдімекендердің атын атап, тізіп тұрып көрсетеді. Осылай батыл сөйлеп, ақиқатқа табан тіреу, сөз жоқ, айтысқа тың серпіліс берері хақ.

Сондай-ақ, Балғынбек ақынның айтып отырған тіл мәселесі де ұлттың басты белгісі екені аян. Өз тілінде сөйлеп, жазбаған елдің болашағы бұлыңғыр болмақ. Ендеше ақын көптің көкейіндегі мәселені көтеріп отыр. Ақындардың тура айтқаны туғанына жақпаса да, ел намысын көтеруі, соның жоқшысына айналуы жұртшылықтың қолдауына ие болмақ. Ақиқатты айту арқылы кемшіліктерді сынға алады, көптің көңілінен шығып мерейін көтереді.

Енді бірде айтыс ақындары тәуелсіздікті халықтың сан ғасыр күткен арманы ретінде жырлайды. Аманжол Әлтаев пен Серік Құсанбаев арасындағы айтыста Аманжол:

Азаттық орда тігіп алып белден,
Түнекті жарып тастап жарық келген.
Тоқсан жасқа келгенде мырза ғасыр,
Қазаққа тәуелсіздік алып берген.
Немесе:

Қайтпасын Қазақстан бек күшінен,
Ұрпағың өрге бассын текті ісімен.
Қазақтың көрген зұлмат, бар қайғысы

Азаттық садағасы деп түсінем (Қазіргі айтыс, 2004: 62), – деген жолдар азаттықты аңсаған халықтың ғасырлық мұраты екенін айтады. Азат ел болу жолында ата-бабаларымыз талай «тар жол, тайғақ кешуді» көргені аян. Осының бәрін азаттықтың садағасына балайды.

Тәуелсіз ел атанған соң ендігі жерде бостандықтың баянды болуы үшін бөлініп-жарылмай береке-бірлікті нығайту керек екеніне баса назар аударады. Халықтың ынтымақты болуы қуатты елге айналуының басты шарты екені аян. Бір айтыста С. Құсанбаев:

Бөлінбей ұлы жүз деп, кіші жүз деп,
Жеңнен қол, жағадан бас шығарайық, –
десе, Д. Кәпұлы:

Басыңда бақ тұрғанда бірігесің,
Алтын мен мыстай болып кірігесің.

Қапыда ынтымағыңды ыдыратсаң,

Қан жілік болған аттай жінігесің (Қазіргі айтыс, 2004: 72) –

деп «алтыбақан алауыздықтан» сақтандырады. Екі ақын да жұмыла көтерген жүктің жеңіл болатынын ескертеді. Екеуінің ойы бірін-бірі толықтыра түскен. Елде береке-бірлік болмай, өмірдің мәні де, сәні де болмайтыны кәміл. Бұл – халықтың ізгі салтына қажетті ой-толғам.

Айтыстарда ебін тауып, екі асап жүрген жемқорлық та сын садағына ілінген. Бұл да халыққа, елдікке қажетті мәселенің бірі. Айтыс ақындары кемістіктің кесірі аз болмайтынын дұрыс пайымдаған. Ақындардың батыл сөйлеуіне мүмкіндік беру – арыдан келе жатқан дәстүр. Сондықтан кемшілікті айтты екен деп ақындарды кінәлаудың қажеті жоқ. Ащы шындықты ашып айту – қажеттілік. Мұның бәрі тәуелсіздіктен кейінгі айтыстардың жаңа сипатта дамығанын аңдатады және айтыстың өміршең,

қуатты жанр екенін көрсетеді. Демек, айтыс ұлттық идеологияның жалынды жаршысына айналған. Әлеуметтік өмір сауалдарын кең қамтып, шынайы айта білген айтыс халыққа тез тарап, ұзақ уақыт ұмытылмай айтылып жүреді.

Осы ретте дін туралы да айта кеткен жөн. Кеңестік кезеңде мұсылман елдерінің тілі мен дінін жоюға күш салғаны мәлім. Өйткені тіл мен дін – әр ұлттың басты құндылықтарының бірі. Осы екеуінен айрылған халық біртіндеп жойылып кетуі мүмкін. Осындай жағдайда ақындардың ислам дінін айтыстың арқауына айналдыруы орынды болмақ. Мәселен, М. Тазабеков:

Бекарыс қай жағдаймен мақтанайық,
Сақтансақ, кришнадан сақтанайық.
Түбім – түрік, ал дінім – ислам ғой
Солай қарай сеніммен аттанайық.
Немесе:

Заман азып заң тозып бара жатыр,

Қай тірлікпен, Бекарыс, шаттанайық?

Бұрылғының ұраны – «Аллаһу акбар»,

Бүгінгінің ұраны – «ап қояйық» (Қазіргі айтыс, 2004: 117), –

депті. Ақын шынайы шындықты сөз еткен. Ұлттың ұятын оятып, рухын тазартатын ой тастаған. Жаман әрекеттің көбі имансыздыққа жол ашатынын ескертеді. Жаратқанның барлығына, құранның хақтығына сенген адамның жаны таза болады. Ақындар дін арқылы халықты жамандықтан сақтануға үндеген. Бұл проблема көп ақынның айтысынан орын алған. Д. Кәпұлы:

Құлқынның құлы болған қазақ аз ба,

Кәпірден асып түсер құлап ішкен?

Қаладағы қаптаған казиноның

Мешітің мерейі тұрады үстем (Қазіргі айтыс, 2004: 21), –

деген сөзі – ащы шындық. Ақын күлбілтелемей, ақиқатты айтқан. Бұл әлеуметті көптен ойландырып жүрген жаман әдеттің бірі болатын. Ақындар осындай жамандықтан жирендіріп, ізгілікті насихат етуді мақсат еткен.

Тәуелсіз елдің ақындары әлеуметтік өмірдегі басты-басты мәселелерді батыл көтеріп, қоғамдық идеологияның қалыптасуына айтарлықтай әсер еткен. Соңғы кездері тозған жер, тартылған су, ластанған ауаның зардаптары аз болмағаны белгілі. Танымал айтыс ақыны Қ. Әбілов кезекті бір айтыста былай депті:

Шіркін-ай, көл бар ма екен Балқашымдай,

Елімнің сыймай жатқан картасындай.

Тартылуға айналды сол тереңім,

Ойы тайыз жандардың арқасында-ай!

Ойсыздарға осылай оңай бәрі,

Жан бағуды қашанда қолайлады.

Балқаш деген – Арқаның шарайнасы,

Абайсызда сындырдық сол айнаны (Әлтаев, 2014: 35).

Бұған қарағанда ақындар қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі жетістікті де, кемшілікті де бірдей қамтып сөйлеуге ұмтылғаны аңғарылады. Заман шындығын, көптің

көкейіндегі сауалдарды дөп басып айтуға ұмтылған өткіз сөз халықтан қолдау таппақ. Тіпті халық айтысты культке балап, ащы шындықты ашып айтқанды ұнатқан. Сол себепті ақындардың батыл сөйлеуіне мүмкіндік беру – арыдан келе жатқан дәстүр.

Қорытынды. Сонымен, айтыс – ұлттық идеологияның жалынды жаршысына айналып, жақсылықты жария ететін, кемшіліктерді кесіп түсер сөз семсерге айналған жанр. Күйіндіретін де сүйіндіретін, халыққа ләззат сыйлайтын өнер. Қоғамдық өмір сауалдарын кеңінен қамтып, шынайы айтатын өнер. Ондай сөз сайысын көпшілік ынталана тыңдайды, ықыласы да ерекше болады. Көркем сөзбен көмкерілген мәнді айтыс халыққа тез тарап, ұзақ уақыт ұмытылмай айтылып жүреді.

Айтыста тыңдаушылар ақынның бірнеше қарым-қабілетін, машық мәнерін аңғарып отырады. Ақынның өзін-өзі ұстауы, ым-ишарасы, өң-ажарының құбылуы, құлаққа жағымды мақам-сазы, музыкалық аспаппен сүйемелдеу шеберлігі, ой-өріс, білім-білігі – бәрі жұртты баурап алатын айтыстың қызық қырлары болып есептеледі. Сөз сайысына түскен ақындар осы ерекшеліктердің бәрін ескеріп отыруы керек. Негұрлым ақын айтысқа көп түссе, соғұрлым шеберлігі ұштала түспек. Айтысқа түскен әр ақынның сөзі бұқара қауымның ой-тілегімен үндесіп отыруы керек. Айтыста көтерілген сан түрлі тақырып уақыт талабынан, ұлт мүддесінен туындайтынын ескерсек, айтыстың мән-маңызы артып, көптің көңілін көтерер рухани мүлік екенін байқауға болады. Сондықтан айтыс – өмір қайшылығын ашатын ұшқыр жанр.

Сейітжанов З.Н.¹, Мекебаева Л.А.², Нуртазина А.О.³

^{1,2} *Казахский национальный университет имени аль-Фараби,*

³ *Алматынский университет менеджмента,*

Алматы, Казахстан

E-mail: ¹Asegizbayeva_84@mail.ru, ²mekebaevaleyla@gmail.com, ³nurtazina669@gmail.com

ORCID: ¹0000-0002-9834-5503, ²0000-0001-5543-9676, ³0000-0002-2273-2531

Идейно-тематические и художественные особенности современных айтысов

Аннотация. В статье рассматривается один из жанров фольклорного наследия казахского народа – айтыс акынов. Уделяется особое внимание айтысу после обретения независимости. Например Д. Капулы, А. Алтаев, С.Кусанбаев, К. Максұтов рассматриваются в сопоставлении с предыдущими айтысами. Показаны особенности, основные различия и сходства. Современные айтысы отличаются смелыми высказываниями о свободе и независимости, обществе, экономическом, языковом, политическом, земельном вопросах. Айтыс – развивающийся по сей день жанр. Это публичное поэтическое состязание, акыны выступают перед большой аудиторией. Один человек и поэт, и певец, и композитор. Публика наблюдает за исполнительским мастерством акынов, мимикой, умением сочинять стихи экспромтом. Народ внимательно слушает, а акыны воспевающие истину находят поддержку и одобрение. Некоторые зрители слушая даже наизусть запоминали тексты поэтических диспутов. Следовательно айтыс – это жанр, один из богатейших наследий казахского искусства развивающий национальную духовность народа. В прошлом искусство айтыс выполнял функции средств массовой информации. Оказывал значительное влияние на формирование общественной идеологии. Следовательно айтыс нельзя рассматривать отдельно от истории и жизни казахского народа. Через айтыс можно судить как о прошлом, так и о сегодняшней жизни народа. В айтысах периода независимости часто поднимались проблемы экологии земли, высохших морей и рек, загрязненного воздуха. Поднимался и вопрос религии, призывавший народ оградить себя от ненужного влияния. Эта проблема возникла у многих поэтов. Какую бы критику не говорили поэты, им дана воля слова, прощение. Эта же особенность прослеживается и в наше время, современных айтысах. Айтыс – синкретный жанр, отражающий как успех, так и недостатки общества. Значит, это искусство, которое передается по наследству от поколения к поколению. Он считается одним из наиболее значимых жанров в культурной жизни казахского народа. Айтыс – это жанр,

представляющий собой сложный синтез ряда искусств - поэзии, музыки, исполнительского мастерства, защищающий интересы страны, поднимающий дух народа. Следовательно – это динамично развивающийся жанр, духовное достояние народа.

Ключевые слова: поэт, искусство айтыса, синкретный жанр, казахский народ, участник поэтических состязаний, импровизация, социальная жизнь, судьба народа.

Seyitzhanov Z.N.¹, Mekebayeva L.A.², Nurtazina A.O.³

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University, ³Almaty Management University,
Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹Asegizbayeva_84@mail.ru, ²mekebaevaleyla@gmail.com, ³nurtazina669@gmail.com

ORCID: ¹0000-0002-9834-5503, ²0000-0001-5543-9676, ³0000-0002-2273-2531

Ideological, thematic and art features of modern aitys

Annotation. The article considers one of the genres of the folklore heritage of the Kazakh people – aitys akyns. Special attention is paid to aitys after independence. For example, D. Kapuly, A. Altaev, S. Kusanbayev, K. Maksutov are considered in comparison with the previous aitys. The features, main differences and similarities are shown. Modern aitys are distinguished by bold statements about freedom and independence, society, economic, linguistic, political, and land issues. Aitys is a genre that is developing to this day. This is a public poetic competition, the akyns perform in front of a large audience. One person is a poet, a singer, and a composer. The audience watches the performing skills of the akyns, facial expressions, the ability to compose poetry impromptu. The audience listens attentively, and the akyns singing the truth find support and approval. Some viewers even memorized the texts of poetic debates while listening to him. Consequently, aitys is a genre, one of the legacies of Kazakh art that develops the national spirituality of the people. In the past, the art of aitys performed the functions of mass media. He had a significant influence on the formation of social ideology. Therefore, aitys cannot be considered separately from the history and life of the Kazakh people. Through aitys, one can judge the life of the people both about the past and about today's life. In the Aitys of the period of independence, problems of the ecology of the earth, dried-up seas and rivers, polluted air were often raised. The question of religion was also raised, calling on the people to protect themselves from evil. This problem has arisen for many poets. No matter what painful words the poets say, they are given the will, forgiveness. The same feature can be traced in today's aitys. Aitys is a syncretic genre that reflects both the success and shortcomings of society. So, this is an art that is inherited from generation to generation. It is considered one of the most significant genres in the cultural life of the Kazakh people. Aitys is a genre that represents a complex synthesis of a number of arts - poetry, music, performing skills, protecting the interests of the country, raising the spirit of the people. Consequently, aitys is a dynamically developing genre, the spiritual heritage of the people.

Keywords: poet, art of aitys, syncretic genre, aityker, Kazakh people, improvisation, social life, the fate of the people.

Информация об авторах:

Сейтжанов Zufar Нурсанович, доктор филологических наук, профессор Казахского национально-го университета имени аль-Фараби. Алматы, Казахстан, E-mail: Asegizbayeva_84@mail.ru; ORCID: 0000-0002-9834-5503.

Мекебаева Лейла Адамовна, кандидат филологических наук, и.о. доцента Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, E-mail: mekebaevaleyla@gmail.com; ORCID: 0000-0001-5543-9676.

Нуртазина Акмарал Осеровна, магистр педагогических наук, старший преподаватель Алматинского университета менеджмента. Алматы, Казахстан, E-mail: nurtazina669@gmail.com; ORCID: 0000-0002-2273-2531.

Әдебиеттер:

Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 2-том. – Алматы: Ғылым, 1998. – 432 б. ISBN 978-601-294-144-9 (қаз).

Әлтаев А. Наркескен: айтыстар. – Астана: Фолиант, 2014. – 288 б. (қаз).

Бердібаев Р. Сарқылмас қазына – Алматы: Мектеп, 1983. – 227 б. (қаз).

- Жолдасбеков М. Қазаққа Алланың берген сыйы еді // Егемен Қазақстан. – 2009. – 14 қаңтар (қаз).
Жармұхамедов М. Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы. – Алматы, 2001. – 293 б. (қаз).
Қазақ өнерінің антологиясы. 25 томдық. Құраст. М. Жолдасбеков, С. Негимов. – Астана: Күлтегін, 2014 – 400 б. ISBN 978-601-7318-40-6 (қаз).
Қазіргі айтыс. Құрастырушы Несіпбек Айтұлы. 3-кітап. – Астана: Күлтегін, 2006. – 320 б. (қаз).
Қазіргі айтыс. 1 кітап. Құраст.: И.Нұрахметұлы, С.Дүйсеғазин. – Астана: Күлтегін, 2004. – 312 б. ISBN 9965-642-04-4 (қаз).
Қоғамдық фольклор, 3-басылым. Автор(лар): Сиракули, ВК (Сиракули, Василики Хр.), Перетти, Д (Перетти, Даниэль) Дереккөз: Американдық фольклор журналы. Қыс 2013 (ағылш).
Құсанбеков С. Жырлаумен өткен 20 жыл: Эссе-баян, айтыстар. – Астана: Фолиант, 2011. – 360 б. (қаз).
Мұқанов С. Айтыстар туралы. Айтыс. 1-том. – Алматы: Жазушы, 1965. – 328 б. (қаз).

Литературы:

- Ауэзов М.О. Полное собрание сочинений. Том 2. - Алматы: Ғылым, 1998. - 432 с. ISBN 978-601-294-144-9 (қаз).
Антология казахского искусства. 25 томник. Составит. М. Жолдасбеков, С. Негимов. – Астана: Күлтегін. – 2014 – 400 с. ISBN 978-601-7318-40-6 (қаз).
Альтаев А. Палаш: айтысы. – Астана: Фолиант, 2014. – 288 с. (қаз).
Бердибаев Р. Неиссякаемая сокровищница – Алматы: Мектеп, 1983. – 227 с. (қаз).
Жармұхамедов М. Происхождение и развитие стихов айтыса.– Алматы, 2001. – 293 с. (қаз).
Жолдасбеков М. Великий дар Аллаха казахам // Егемен Казахстан. – 2009. – 14 январь (қаз).
Қусанбеков С. Воспевая стихами 20 лет: Эссе-баян, айтысы. – Астана, Фолиант, 2011. – 360 с. (қаз).
Муканов С. Беседа об айтыс. Айтыс. 1-том. – Алматы: Жазушы, 1965. 328 с. (қаз).
Общественный фольклор, 3-е издание. Автор(ы): Сиракули, В.К. (Сиракули, Василики Хр.), Перетти, Д. (Перетти, Даниэль) Источник: Журнал американского фольклора. Зима 2013 (англ).
Современный айтыс. 1 книга. Составит.: И.Нұрахметұлы, С.Дүйсеғазин. – Астана: Күлтегін, 2004. – 312 с. ISBN 9965-642-04-4. (қаз).
Современный айтыс. Составитель Несіпбек Айтұлы. 3-книга. – Астана: Күлтегін, 2006. – 320 с. (қаз).

References:

- Auevov M. (1998) Shygarmalarynyn elu tomдық tolyk zhinagy [The complete works of M. Auevov in fifty volumes]. Volume 2. ISBN 978-601-294-144-9 (in Kaz.).
Altaev A. (2014) Narkesken aitystar [Narkesken: aitysy]. – Astana: Foliyant. – 288 p. (in Kaz).
Berdibaev R. (1983) Sarkylmas kazyna [Inexhaustible treasure] – Almaty: Mektep. – 227 p. (in Kaz.).
Jarmuhamedov M. (2001) Aitys olenderinin argy tegi men damuy [The origin and development of aitys poems]. – Almaty. – 293 p. (in Kaz).
Kusanbekov S. (2011) Jyrлаumen otken 20 jyl: Esse-baian, aitystar [20 years with singing: Essay-иayan, aitysi]. – Astana: Foliyant. – 360 p. (in Kaz).
Mukanov S. (1965) Aitystar turaly [About the aitys]. Aitys. 1-tom. – Almaty: Jazushy. – 328 p. (in Kaz).
Public Folklore, 3rd edition. (2013) Author(s): Sirakouli, VC (Sirakouli, Vasiliki Chr.), Peretti, D (Peretti, Daniel) Source: Journal of American Folklore. Winter (in Eng).
Qazirgi aitys [Modern aitys]. (2004) 1 kitap. Qyrast.: I.Nurmuhametyly, S.Dyisengazin. – Astana: Kultegin. – 312 p. ISBN 9965-642-04-4 (in Kaz.).
Qazaq onerinin antologiasy [Anthology of Kazakh art]. (2014) 25 tomдық. Kurast. M. Zholdasbekov, S. Negimov. – Astana: Kultegin. – 400 p. ISBN 978-601-7318-40-6 (in Kaz).
Qazirgi aitys [Modern aitys]. (2006) Qyrastyrushy: Nesipbek Aituly. 3-kitap. – Astana: Kultegin. – 320 p. (in Kaz).
Zholdasbekov M. (2009) Qazaqqa Allanyн bergen syiy edi [Was a gift from Allah to the Kazakh] // Egeмен Qazaqstan. – 14 qantar (in Kaz).